

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа  
қарсы стратегиясы туралы  
*(2018.04.08. берілген өзгерістермен)*

*Осы Жарлыққа түсіндірмені қараңыз*

Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі  
айқындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМИН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы (бұдан әрі — Стратегия) бекітілсін.

*ҚР Президентінің 2018.04.08. № 723 Жарлығымен 2-тармақ жаңа редакцияда  
(бұл.ред.қара)*

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне  
тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық  
маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері өз қызметінде Стратегияны басшылыққа  
алсын және оны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

**Н. НАЗАРБАЕВ**

Астана, Ақорда, 2014 жылғы желтоқсанның 26-ы.

№ 986

Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 986 Жарлығымен бекітілсін

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯСЫ

Астана, 2014 жыл

**Мазмұны**

1. Кіріспе

2. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үрдістер

2.2. Шешімін талап ететін проблемалар

2.3. Сыйбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар

3. Мақсат және міндеттер

- [3.1. Мақсат және нысаналы индикаторлар](#)
- [3.2. Міндеттер](#)
- [4. Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар](#)
- [4.1. Мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл](#)
- [4.2. Қоғамдық бақылау институтын енгізу](#)
- [4.3. Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл](#)
- [4.4. Сот және құқық қорғау органдарындағы сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу](#)
- [4.5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру](#)
- [4.6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту](#)
- [5. Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау](#)

## **1. Кіріспе**

«Қазақстан-2050» [Стратегиясы](#): қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сыйбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен қуресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайты.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қагидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы қундерінен бастап сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді.

Біздің елімізде қазіргі заманғы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курс туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» [заңдар](#) болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік шығу тегі мен мұліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қагидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нәкты ажыратылып және айқындалып қалыптасты.

Шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланыстарын қысқартатын және сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру жөнінде кешенді шаралар қабылданды.

Қазақстанға әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіруге мүмкіндік берген азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, ұлттық экономиканың өсуі, бизнесі жүргізу жағдайларын, халықтың құқықтық сауаттылығы мен әлеуметтік белсенділігін жақсарту, электрондық үкіметті енгізу жөніндегі қолданылып жатқан шаралар да заңға бағыну мәдениетін және жүріс-тұрыстың жалпы қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы модельдерін қалыптастыру үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен бірге экономиканың одан әрі өсүі, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің негұрлым дамыған бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру жөніндегі өршіл міндетті жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешу мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жаңғыртуға негізделген жана жүйелі шаралар қабылдауды және оны іске асыруды азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыруды талап етеді, үл сыйбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік берер еді.

Бұл орайда қазіргі кезеңде мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны (бұдан әрі - Стратегия немесе Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) айқындастыны жаңа бағдарламалық құжатын қабылдау қажеттігі болып тұр.

Мұндай құжатта сыйбайлас жемқорлық деңгейін түбекейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті превентивтік сипаттағы кешенді шараларға жетекші рөл берілуі тиіс. Яғни, басты назар сыйбайлас жемқорлықтың салдарларымен куреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс.

Үлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесіті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтары мен занды мұдделерін кез келген сыйбайлас жемқорлық көріністерінен тиімді қорғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді.

Тұастай алғанда, мұндай Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенінің әзірленуін және жүзеге асырылуын көздеуге, сөйтіп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ак, жекеше секторда сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс.

Бұл ретте Стратегия айқындастын базалық бағыттар түпкілікті болуы мүмкін емес. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына байланысты және сыйбайлас жемқорлық құбылысына, оның себептеріне, сыйбайлас жемқорлық жүріс-тұрысты ынталандыруға терең талдаудың нәтижелерін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес саласындағы істердің жай-күйін байсалды және объективті бағалауды ескере отырып түзетілуге тиіс.

## 2. Ағымдағы ахуалды талдау

### 2.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үрдістер

Қазақстандық мемлекет дамуының алдынғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге кол жеткізілді, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын он үрдістер байқалды, оларды қүшету және дамыту ел дамуының қазіргі заманғы кезеңінде осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны табысты іске асырудың кепілі болады.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келенсіз құбылыспен күрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес туралы» [Занды](#) қабылдады.

2001 жылдан бастап Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шенберінде сыйбайлас жемқорлық көріністері пайда болуының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі нақты шаралар қабылдануда.

1999 жылдан бастап қолданыстағы «Мемлекеттік қызмет туралы» [Зан](#) және 2005 жылды Мемлекет басшысы бекіткен Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс [кодексі](#) Қазақстанда есеп берушілік, ашиқтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін негіз жасады.

Мемлекеттік қызмет пен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы реттеуеші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін арнайы мемлекеттік орган құрылды. Ол мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен өткериу және мемлекеттік аппарат тазалығына мониторинг жүргізу мәселелерін реттеуге ғана арналған емес, оған сыйбайлас

жемқорлықтың алдын алу және оның профилактикасы, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық қудалау функциясы да берілген.

Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін басымды болып табылады.

Жаза бұлтартастылығы қағидаты табысты іске асырылуда. Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасағаны үшін әшкереленген шенеуніктер атқарып отырған қызметтері мен шендеріне қарамастан, заңның барынша қатаандығы бойынша жауапты болады.

Қылмыстық-құқықтық саясат сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін лауазымды адамдардың қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сыйбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатал жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.

Осындай қағидаттық тәсіл жаңа Қылмыстық кодексте іске асырылған. Мәселен, сыйбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарға мерзімнің ескіруі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынған, мемлекеттік қызметте лауазымға орналасу құқығына өмір бойына тыйым салу енгізілді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен алынған мулікті тәркілеу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда «мұдделер қақтығысы» деген маңызды ұғым бекітілген.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшеттүмен қатар олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде.

Мемлекеттік аппараттың еңбекақысын кезең-кезеңмен, үнемі көтеріп отыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін жағдайлар жасауға арналған.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасында құқық тәртібі органдарына деген сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүргіс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар көзделген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшеттүгө ерекше көңіл бөлінуде. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізуі дамыту, оның ашиқтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданды.

Жер-жерде ақпаратқа колжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жекеше құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Азаматтардың сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде мемлекеттік органдардың сенім телефондары мен веб-сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдайлар жасалды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын күшетту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың сапалы және тез арада мемлекеттік қызметтерді алуын қыыннататын әкімшілік кедергілер жойылуда.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңның қабылдануымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлери күрт азайды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін бағалау және оның сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімдерін бұзу саны (2012 жылмен салыстырғанда 8,7 есеге) және оларды көрсету сапасына шағымдардың саны (25%-ға) жыл сайын төмендеп келеді, сондай-ақ автоматтандырылған

қызметтердің үлесі (2 еседен астам) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтердің үлесі (51%-ға) ұлғайды.

Мемлекеттік сатып алуларды автоматтандыру деңгейі артуда, бұл бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, жұмысқа орналасу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Тұастай алғанда, аталған шаралардың қабылдануы Қазақстанға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өнірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін алуға мүмкіндік берді.

## 2.2. Шешімін талап ететін проблемалар

Күрделі, тарихи өзгермелі, келеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыйбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім.

Сыйбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді.

Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әмбебап және бәрін қамтитын анықтамасының жоқтығына қарамастан, оған ең алдымен шенеуніктердің билікті немесе лауазымдық жағдайын жеке пайда алу үшін теріс пайдалануын жатқызады, ал оның неғұрлым таралған түрлері ретінде әдетте шенеуніктерді сатып алу, қызметтік өкілдектерін пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану болып танылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеудің күрделілігі оның жеке алғанда әрбір мемлекет үшін ерекшеліктеріне және оның өзгермелі сипаттамаларына қарай қызындықтарына да байланысты.

Сыйбайлас жемқорлықтың себептерін, жағдайлары мен салдарларын айқындаған кезде жергілікті діл, ұлттық және діни ерекшеліктер, құқықтық мәдениеттің деңгейі сияқты факторлар ескерілуі тиіс.

Сонымен бірге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-қимылдың басты шарттары билік органдарының қоғамға есеп берушілігі мен оның бақылауында болуы, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігі, баяндауда анық және қолдануда күрделі емес заңдар, мемлекеттің кадр саясатындағы меритократия, мемлекеттік рәсімдердің ашықтығы және қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа деген тәзімсіздігі болып танылады.

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамның мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен құрестегі халықаралық трендтерді ескеретін біртұтас сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға деген қажеттілік айқын бола тусуде.

Стратегия сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырудың жаңа тетіктері мен құралдары үшін негіз болады.

Тікелей құқық қорғау құрамдасынан басқа, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты болудің және пайдаланудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін таңдау және осының негізінде сыйбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою да маңызды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың түрлі салалар мен аяларда таралу деңгейін бағалау, мемлекеттік, оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды, мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерінде туындастын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет процесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге ықпал етеді.

Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті

азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыйбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келенсіз факторларды қалыптастырады.

Ұлттық заңнаманың базалық салаларының болып жатқан сапалы жаңаруына қарамастан, қолданыстағы ұйымдастыруышылық-құқықтық тетіктерде басты проблема тиісті құқық қолдану мәселелерінің шешілмеуі болып қалып отыр.

Сыйбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау құралдарының барлық арсеналын пайдалану әлі де өзекті проблема болып табылады.

Қолданыстағы заңнаманың және қазақстандық құқыққа тән институттардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін пайдаланылмаған әлеуеті бар, оны толыққанды іске асыру мүмкіндігі осы саладағы шетелдік модельдер мен тәжірибелі енгізу мәселелерін қараған кезде барынша ескерілуге тиіс.

Алдын алу-профилактикалық жұмыста да жүйелік жок.

Осы орайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыйбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс.

Бұл ретте назар жергілікті билік органдарының қызметіне де аударылуы тиіс, өйткені, өнірлердегі істердің жай-күйі үшін олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі кеңейтіледі және дәл солар өз мемлекеттік көрсетілетін қызметтерімен азаматтардың құнделікіті мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Тұластай алғанда, уәкілетті органның қызметінде оның құқық қорғау және реттеуші функциялары арасындағы теңгерім сақталуы тиіс.

Мемлекеттік функцияларды орындаған кездегі мұдделер қақтығысы да мемлекеттік сектордағы сыйбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін маңызды себептердің бірі болып табылады. Мемлекеттік функцияларды, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру тетіктерін егжей-тегжейлі талдау сыйбайлас жемқорлықтың таралуына ықпал ететін себептерді айқындауға және жоюға мүмкіндік береді.

Осы күнге дейін азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға және құқықтық ағартуға, әсіресе, халықтың құнделікіті өмірінде неғұрлым сұранысқа ие қолданыстағы құқықтың салалары мен нормалары бойынша жеткілікті қоғамдық шартты қорғаудың мүмкіндіктерін анықтамасыз етеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы насиҳат негізінен бір жолғы акциялармен және науқандармен, бұқаралық ақпарат құралдарындағы шаблон түріндегі сөздермен шектеледі, интернет-кеңістік жеткіліксіз пайдаланылады.

Іс жүзіндегі ақпараттық өріс сыйбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем тәзбеушілікті қалыптастыруды қоғамды шоғырландыруға әрдайым ықпал етеді.

Сыйбайлас жемқорлық проблемаларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылдау жатқан шаралардың тиімділігін зерделеуге арналған социологиялық зерттеулердің деңгейі мен сапасы жетілдіруді қажет етеді.

Қызметтік этиканың нормалары мен қағидаларын бұзушылықтардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзінен әлі де заңнамалық деңгейде аражігі ажыратылған жок, бұл сыйбайлас жемқорлықтың нақты көрінісін бұрмалайды, мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі өзекті бағыттарына күш-жігерін шоғырлауға кедергі жасайды және елдің сыйбайлас жемқорлық рейтингінің негізінде өсуіне әкеледі.

Бұл ретте сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттері мен тиісінше оларды жасағаны үшін қолданылатын жаза деңгейлері арасындағы аражік нақты ажыратылмаған.

Жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне деген тәсілдерді де айқындау уақыты келді.

Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласуы сыйбайлас жемқорлықтың таралу саласын және оның анықтамасына жататын адамдар тобын айқын

түсінуге негізделуі тиіс. Бұл ретте бизнесті дамыту үшін әкімшілік кедергілер мен елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету ісінде қыындықтар жасалмауы тиіс. Тұтастай алғанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуы қысқаруға тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның жалпы әлемдік кеңістікке одан әрі кіргіу бойынша жасап жатқан қадамдары біздің елімізді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде қабылданған белгілі бір халықаралық стандарттарды ескеруге міндеттейді.

Сонымен бірге, мұндай стандарттар шетелдік серіктестердің ұсынымдарын пайдаланып қана енгізілмеуі тиіс. Халықаралық тәжірибе оның ережелерінің ел Конституациясына, қалыптасқан заңнамалық және құқық қолдану практикасына сәйкес болуы тұрғысынан, дәстүрлі және біздің елге тән құқықтық тетіктер мен институттардың қалыптасу және жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, мұқият зерделенуге және егжей-тегжейлі талдауға жатады.

### **2.3. Сыйбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар**

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін қалыптастыру үшін ең алдымен қазіргі заманғы жағдайларда оның көріністеріне ықпал ететін негізгі факторларды айқындау қажет.

Оның ішінде қазіргі уақытта неғұрлым өзектісі біріншіден, олардың нормалары құқық қолдану кезінде сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасауға көбіне жағдайлар жасайтын салалық заңдардың жетілдірілмеуі болып табылады.

Құқықтанудың қыр-сырын білмейтін азаматтар үшін практикада мұндай заңдардың ережелерін дұрыс түсіну мен тиісінше ұғыну қынға соғады.

Екіншіден, мемлекеттік және корпоративтік басқару ашықтығының жеткіліксіз болуы. Басқарушы шешімдерді әзірлеу және қабылдау процестері, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мұдделерін қозғайтын шешімдер туралы сөз болған жағдайларда әлі де ең жабық процестердің бірі болып қалуда.

Үшіншіден, лауазымды адамдардың мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кездегі халықпен тікелей байланысты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда.

Төртіншіден, халықтың, оның ішінде мемлекеттік сектор қызметшілерінің өздерінің құқықтық мәдениетінің деңгейі әлі де төмен, бұл арам пиғылды қызметкерлерге оны пайдақұнэмдік, құқыққа қарсы мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, азаматтар мінез-құлығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы моделін және сыйбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру бойынша кешенді және мақсатты ақпараттық жұмыстың болмауы.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының еңбекақысының және мемлекеттік қызметтегі әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіз деңгейі.

## **3. Мақсат пен міндеттер**

### **3.1. Мақсат пен нысаналы индикаторлар**

Осы Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мұлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегияда қолданылатын нысаналы индикаторлар:

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасы;

қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімі;

халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі;

елдің халықаралық қоғамдастықтағы беделін арттыру және тиісті халықаралық рейтингтерді, оның ішінде «Transparency International» сыйбайлас жемқорлықты қабылдау индексіндегі Қазақстанның рейтингін жақсарту.

### **3.2. Стратегия міндеттері:**

мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; қоғамдық бақылау институтын енгізу; квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; соттар мен құқық қорғау органдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру; сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Стратегияның мақсаты мен міндеттері «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламасының ережелерін, сондай-ақ басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары мен пікірлерін ескереді.

#### **4. Түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар**

##### **4.1. Мемлекеттік қызмет саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

Сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес иғліліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мұдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілдіктерді пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану пайдасыз және мүмкін емес болатын шараларды одан әрі қабылдап, жағдайлар жасайды.

Осылай маңызды шаралардың бірі мемлекеттік қызметшілердің тек қана кірістерін емес, сондай-ақ шығыстарын да декларациялау болмақ. Бұдан әрі мұндай декларациялау бүкіл халыққа қолданылады, бұл мемлекеттік қызмет жүйесінде занылыштықты сақтауға және ашықтықты қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Мемлекеттік аппаратта сыйбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің енбекақысы мен әлеуметтік женілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңмен жоғарылату көзделген. Бұл міндет мемлекеттік қызметшілер енбекақысының жекеше сектормен салыстырғанда әзірше бәсекеге қабілеттілігі жеткілікіз екендігін ескере отырып та өзекті бола түседі.

Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі.

Сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысы болуы да болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыйбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады.

Осыланысты бірқатар мемлекеттік функцияларды мемлекеттік емес секторға - өзін өзі реттейтін ұйымдарға кезең-кезеңмен беру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Казіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады.

Нәтижесінде халыққа электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің көлемі өсетін болады, оның ішінде осылай форматта рұқсаттарды беру де қамтамасыз етіледі.

Білім беру мен денсаулық сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік саланың базалық салаларында тиісті қызметтерді электрондық түрде көрсету сыйбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал етеді.

Қызметтің неғұрлым сыйбайлас жемқорлықшыл саласына жататын мемлекеттік сатып алу жүйесі жаңғыртылатын болады. Нәк осында әрбір төртінші сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасалады.

Ахуалды түбегейлі жақсарту үшін бірынғай операторды бекіту, тауарларды автоматтандырылған түрде тандауды енгізу, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімін жетілдіру сияқты шаралар қажет етіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде кеден, салық салаларында, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, банк қызметі салаларында мемлекеттік қызметтерді көрсету рәсімдері барынша автоматтандырылады.

«Бір терезе» қағидаты бойынша (ХҚҚО арқылы) халықта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі де кеңейтіледі.

Тұтастай алғанда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ашықтық қағидаты түйінді фактор болып табылады, сондықтан да оны енгізу жөніндегі жұмыс тұрақты, жүйелі негізде, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг арқылы жүргізілетін болады.

#### **4.2. Қоғамдық бақылау институтын енгізу**

Сыйбайлас жемқорлық профилактикасының пәрменді тетігі қоғамдық бақылау болып табылады.

Мұндай бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруды ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңың қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен жузеге асырудың базалық қағидаларын нормативтік құқықтық бекіту арқылы алғашқы рет оның біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік берер еді.

Мұндай заң оның институттары мемлекеттің беделін нығайтуға және мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын арттыруға жәрдем ететін азаматтық қоғамды одан әрі дамытуда маңызды рөл атқаруға арналған.

Азаматтардың құқықтары мен мұдделерін қозғайтын мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар, мемлекеттік органдар шешімдеріне қоғамдық сараптама өткізу үшін басшылардың жұртшылық алдындағы есептерін тыңдау және азаматтардың алқалы органдардың жұмысына қатысуы үшін құқықтық негіз жасалатын болады.

Заң сыйбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттердің өзін де, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге де ықпал етеді.

Бұл ретте қоғамдық бақылаудың ел Конституциясының талаптарына сәйкес мемлекеттің бақылаушы функцияларынан аражігі нақты ажыратылуға тиіс.

Мемлекеттік аппарат жұмысының ашықтығын қамтамасыз етудің тағы да бір құралы «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заң болуы тиіс, ол жария ақпаратты алушылардың құқықтарын, оны беру, есепке алу және пайдалану тәртібін бекітеді.

Жария ақпаратқа еркін қолжетімділік халықтың шенеуніктермен артық байланысы қажеттілігін болдырмайды.

Сыйбайлас жемқорлықпен табысты құрестің аса маңызды факторы азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігі болып табылады.

Бұған жергілікті өзін өзі басқарудың өкілдіктерін кеңейтуді қөздейтін заңың қабылдануы ықпал етеді.

Халыққа ең алдымен жергілікті өзін өзі басқарудың бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражаттың пайдаланылуына мониторинг пен бақылауға қатысу мүмкіндігін берген жөн.

#### **4.3. Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

Халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыйбайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады.

Квазимемлекеттік секторда мемлекеттік сатып алудардың көлемдерінен жиі асып кететін бюджет кезінде сырт көзге сыйбайлас жемқорлықтың проблемасы соншалықты өткір емес. Алайда қазіргі ахуал бұл сектордағы ашықтықтың жеткіліксіз екендігін айғақтайды. Сондықтан осы сектордағы есеп берушілікті, бақылауда болуды және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктер қажет.

Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі іскерлік этика мен бизнестің адал жүргізудің қазіргі заманғы қағидаттарын сақтау кезінде ғана мүмкін болады.

Жұмыс істеп тұрған Ұлттық қасіпкерлер палатасы отандық бизнестің мұдделерін қорғаумен қатар оның ашықтығы мен сатылмайтындығы үшін жауаптылықта өз үлесін атқаруға және корпоративтік сектордағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

Бұл жолдағы алғашқы қадам жасалды да - Бизнестің сыйбайлар жемқорлыққа қарсы хартиясы әзірленді. Мұнда Қазақстанның сыйбайлар жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын жеке қасіпкерлігінің негізгі қағидаттары мен постулаттары жарияланған.

Қаржылық-шаруашылық қызметтің түрлі салаларында алдағы уақытта бірқатар басқа да сыйбайлар жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдау керек.

Сондай-ақ квазимемлекеттік және жекеше сектор субъектілерінің азаматтарға қызметтер көрсеткен кезде ашықтықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау бойынша шаралар қабылданады.

Бұл, оның ішінде банк саласында электрондық технологияларды пайдалануды көнегейту, табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді айқындау үшін нақты критерийлерді белгілеу, мемлекеттің құрылыш саласы мен экономиканың басқа да салаларында қатысуын қысқарту болып табылады.

Сонымен қатар жекеше сектордағы сыйбайлар жемқорлық көріністерімен құрес ол инвестициялық ахуалды нашарлатуға және қасіпкерлер үшін тәуекелдерді көбейтуге әкеп соқпайтындей етіп жүргізуі тиіс.

#### **4.4. Сот және құқық қорғау органдарындағы сыйбайлар жемқорлықтың алдын алу**

Мемлекеттің сыйбайлар жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігі, бірінші кезекте, негізгі буыны сот төрелігінің мінсіз жүйесі болып табылатын болып табылатын құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету жүйесіне байланысты.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, сот төрелігін іске асырудың сапасын жақсарту үшін судьялардың қызметіндегі сыйбайлар жемқорлықты болдырмау, оның ішінде судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды қатаңдату арқылы болдырмау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сот ісін жүргізуді оңайлату, оның жеделдігін арттыру, соттардың қызметін автоматтандыру сот төрелігіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сот жүйесі қызметтің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау жүйесінің жұмысындағы басымдықтар жасалған қылмыстарды анықтаудан олардың профилактикасы мен алдын алуға ауысуы тиіс.

Құқық қорғау органдарының кадр саясатында мемлекеттік әкімшілік қызметтің жүйесінде қолданылып жүрген конкурстық іріктеу тетіктерін және меритократия қағидатын енгізу қажет.

Қызметкерлерді атtestаттау және тестілеу рәсімдері жетілдірілетін болады, кадр резервін пайдаланбай ауысуға тыйым салынады.

Құқық қорғау қызметі саласында сыйбайлар жемқорлық орта да күштік құрылымдар қызметкерлерінің азаматтармен байланыстары кезінде туындауы мүмкін.

Бұл проблеманың шешілуі едәуір дәрежеде құқық қорғаушылар қатарының тазалығына, жаңа технологиялардың одан әрі енгізілуіне және тиісті рәсімдердің автоматтандырылуына байланысты болмақ.

Тек сыйбайлар жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын құқық қорғау органдары азаматтардың құқықтарын, қоғам мен мемлекеттің мұдделерін тиімді қорғауға қабілетті.

Құқық қорғау қызметін бағалаудың басты критерийі халықтың сенімі болуы тиіс.

#### **4.5. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру**

Осы Стратегияда көзделген сыйбайлар жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жүртшылықтың кең қатысуымен сүйемелденуі тиіс.

Мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыйбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінәра нәтиже береді.

Сыйбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналуы тиіс.

Азаматтарда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыйбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, оған деген жүртшылықтың мінеуі болмай, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды өскелен ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыйбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет.

Мұның жаппай болғанымен, бұл жұмысты азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу, өз құқықтары мен занды мұдделерін қорғау тетіктерін түсінікті және білікті жеткізетін түрлі салалардың мамандарын пайдалана отырып, кәсіби негізде істеген жөн.

Бұқаралық ақпарат құралдары сыйбайлас жемқорлықты қоғамның қабылдамауы ахуалын қалыптастыруды қамтамасыз етуге, қазақстандықтардың белсенді азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына, олардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісіне белсенді қатысуына ықпал етуге арнаған.

Талай сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен занды мұдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбебегейлі жойылуына қол жеткізу қажет.

Бұл ахуалды түзеу үшін халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйелі әрі тынымсыз жұмыс жүргізілуі керек.

Қазақстанда шетелдердің үлгісі бойынша, сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын азаматтарды материалдық көтермелеге енгізілген. Бұл тетік өз пәрменділігін көрсетіп келеді. Азаматтарымыздың қағидаттық ұстанымдарының арқасында көптеген сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мүмкін болды. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыру қажет.

Қазақстандық қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы этикасы мен мәдениеті «Мәңгілік Ел» идеологиясының контексінде қалыптастырылуы тиіс. Дәстүрлі рухани құндылықтар мен үздік халықаралық стандарттардың үйлесімді үйлесуі азаматтардың занды мінез-құлығының канондарын жаңадан жасауға мүмкіндік береді.

Сыйбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдамау - қоғамымыздың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

#### **4.6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту**

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді және тереңдете түседі.

Қазақстанның халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі ретінде тиімді сиртқы саяси қызметі біздің еліміздің халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы процестерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, оның ішінде БҰҰ-ның Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына, осы саладағы басқа да құжаттарға қосылуы соның нәтижесі болып табылады.

Бір жағынан, бұл сыйбайлас жемқорлыққа қарсы үздік практиканы пайдалануға ынталандырады, екінші жағынан - шетелдермен ынтымақтастықтың мүмкіндітерін қеңейтеді.

Біздің мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету, қылмыскерлерді экстрадиациялау және активтерді қайтару бойынша бірқатар келісімдер жасады.

Біздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымызды жетілдіруге Еуропалық Кеңеспен өзара іс-қимыл да, бірақ өз ерекшеліктеріміз бен ұлттық заңнаманы ескере отырып, шетелдік тәжірибелі пайдалану ықпал ететін болады.

Олар арқылы шетелге, көбіне шығу тегі күмән туғызатын капитал шығарылатын және зандастырылатын оффшорлық аймақтар ерекше назарды талап етеді. Тиісті халықаралық келісімдер мен шарттарға қол қою оффшорлық компаниялар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізу, беделді халықаралық ұйымдарға қатысу практикасы жалғасатын болады. Біздің еліміз трансұлттық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қурес мәселелерін талқылау үшін беделді диалогтық алаң бола беруге ниетті.

## **5. Стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау**

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру тетігінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган басты орган болып табылады, ал Стратегияны орындауға барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен мекемелер, мемлекет қатысатын компаниялар, саяси партиялар және басқа да қоғамдық бірлестіктер және тұластай алғанда азаматтық қоғам қатысады.

Стратегияның ережелерін кезең-кезеңмен іске асыруды Іс-шаралар жоспары қамтамасыз етеді, оны Президент Әкімшілігінің келісуімен Үкімет бекітеді.

Стратегияның мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарты ішкі және сыртқы болып бөлінетін оны орындауды мониторингтеу және бағалау болып табылады.

Орындауды ішкі мониторингтеуді және бағалауды тиісті іс-шараны тікелей орындаушы жүргізетін болады, сыртқыны - арнайы құрылған мониторингтік топ жүргізеді, оған мүдделі мемлекеттік органдардың, жүртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылу жай-күйін тиісті мониторингтеу мен бағалаудың шарты оның ашықтығы болып табылады.

Тиісті іс-шаралар орындалуының барысы туралы есептер міндетті түрде сыртқы бағалауды алу және жүртшылықтың пікірін ескеру мақсатында халықтың назарына жеткізілетін болады.

Бағалау мен жүртшылықтың пікірі Стратегияны іске асырудың кейінгі кезеңдерінде ескеріледі.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны орындаудың соңғы сатысы Мемлекет басшысының қарауына тиісті есеп енгізу болады.

Құжаттың іске асырылуы туралы жыл сайынғы ұлттық есеп бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылуға жатады.